



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 ақпан
сенбі
№10 (1917)
2023 жыл

апталығы

ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ ОТБАСЫНДА ЖАТЫР

Балаларымыздың болашағы туралы сөз қозғағанда ойымызға бірден «Тәрбие басы – талбесік» деген бабадан қалған нақыл оралады. «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген де бар. Өмір шындығына жүгінсек, тәрбие бастауы, оның қайнар көзі – отбасы мен өскен ортасы. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді халық даналығы. Мұның барлығы тәрбиенің алтын діңгегі отбасында жатқандығын көрсетеді.

Аптаның сәрсенбесінде Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Отбасы – тәрбие бесігі» атты кеңейтілген кеңес отырысы өтті. Жиынды «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов жүргізіп отырды. Ол бұл шараның облыс әкімінің бастамасымен ұйымдастырылғанын атап өтіп, кеңесте талқыланатын тақырыптар жайын мәлім етті.

– Бүгінгі қоғам алдындағы басты мақсат – өмірдің барлық саласында еңбеккер, белсенді, шығармашылық іс-әрекеттерге қабілетті, еркін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесімен айналысатын



отбасы, мектеп, қоғам және жұртшылықтың тәрбиесі кіріктіріліп жүзеге асырылуы тиіс, – деді Наурызбай Сейтқалиұлы.

Жиында саяси ғылымдар докторы, профессор, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы сөз сөйлеп, келелі ойын ортаға салды.

– Аға ұрпақ біледі, кешегі ғасырдың 90-жылдары «Біз мемлекет боламыз ба?», «Қайда барамыз, қандай мемлекет боламыз?» деген сауалдар алдымызда тұрды. Сол кезде балабақшалар талан-таражға түсті, ал мектептердің білім мен тәрбие беру жұмыстарына қаржы жетпей, мұғалімдер бірнеше ай бойы еңбекке алмаған кездер болды. Сол кездерде дүниеге келген ұрпақтың ұрпағы бүгінде балабақша, мектеп, университет қабырғасында тәрбиеленіп жатыр. Ол үшін оларды кінәлауға болмайды, оған біз, яғни аға ұрпақ кінәліміз. Сол кезеңдерден бастап катігез, мейірім мен адами құндылықтардан ада, ата-анаға, үлкенге деген құрметі азайған, қала мен ауыл, бай мен кедей, әсірешініп, дүбара ұрпақтың қалыптасуы басталды. Бір-бірінен ашшақ әлеуметтік топтардың болуы, олардың бір-біріне ашық қарсы шығуы, катігездік пен озбырлыққа баруының түп-тамыры білімде жатыр, – деді қоғам қайраткері.

2 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

БАСТЫ МАҚСАТ – АУЫЛ ӨМІРІН ЖАҚСARTY

«Әкімге алты сауал» аядарының бүгінгі қонағы – Қосшынырау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.



2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

– Торғай екеш торғайда, Балапанын қорғайды. Ана безсе баладан, Бәрінен де сол қайғы...

Кезінде әнші Мейрамбек Бесбаев тебірене жырлаған «Бозторғайды» көбіміз жақсы білеміз. Мәдениет майталманы Алтынбек Қоразбаев Мейрамбектей шәкіртіне арнайылап шығарған әннің сөзін ақын Әбдірахман Асылбеков жазған. Бұл өлеңді жәй тыңдау мүмкін емес. Зарлы ұн, зарлы әуен, зарлы сөз жаныңды тебіріктіп, жүрегіңді қозғайды. Көңілің босап, көзіңе еріксіз жас аласын. Иә, бұл әнді тыңдаған миллиондардың осындай күй кешкені анық.

«Бозторғай» – қоғамға ой салу мақсатында, безбұйрек ана, тастанды бала болмауы үшін шығарылған туынды. Кезінде осы ән шырқалғанда бір ғажап болған деседі. Сол кезде жетімдер үйіндегі тастанды балалар азайған. Жүрегі тас болып қатып қалғандардың кейбірі балаларын бауырына қайта басқан екен. Бұл – өз алдына бөлек тақырып. Біздің айтпағымыз басқа. Жетімдер үйі, тастанды балалар әлі де бар. Бірақ баласын тастап кететін аналардан бөлек сәбиіне қол жумсап, өлтіретіндер пайда болды.

Елімізде өз нәрестесін өлтірген екі әйелдің қылмысы тіркелді. Бұл – соңғы екі айдың көлемінде болып тұрған жағдай. Жаға ұстатарлық оқиғаның бірі – Ақтөбеде, екіншісі – Ақмола облысында болған. Бұл туралы журналист Бану Әділжанның «Егемен Қазақстан» газетіне жазған мақаласында

СҰХБАТ

Қазіргі қазақ айтысының су тайналмас жорғасы – Мейірбек Сұлтанхан. Ол жастайынан қазақтың қасиетті өнерін бойына сіңіріп, баба мұраның дәріпті жалғасындай дүйім елдің көзайымына айналды. Талай аламан айтыста аузымен күс тістеген жыр жүйректерімен нық тірестіріп айтысып келеді.

«Республикалық айтыста үздік үш ақынның бірі – Мейірбек» деп Жүрсін Ерманның жоғары бағалауы да сондықтан болар. Сыр елінің мақтанышына айналған жас жыр жүйрігімен сұхбаттасудың сәті түсті.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ – АДАМҒА АҚЫЛ АЙТПАУ

– Оленге деген құштарлық қалай пайда болды? Ата-бабаңызда сөз ұстанған адам бар ма? Әңгіме әлкиссасын осыдан бастасак...

– Қай қазақты алып қарасаңыз да ақындықтан, өлең шығарудан кенде емес. Өулетінде ақын жоқ дегенмен, әріде ата-бабасында сөз ұстанған адамдар болады. Үлкен атам темір ұстасы болған. Одан кейінгі Нақып деген бабам үлкен Қарнақты бітірген, бала оқытқан ұстаз болған діни білімі бар. Одан кейін Сұлтанхан атам әкесінің ізін жалғап имам болды. Тәуелсіздік жылдары Шиелі ауданының алғашқы бас имамы болған. Балтабай атамның «Қазатомөнеркәсіп» компаниясында темір ұстасы болды. Слесарь мамандығымен «Үздік қызметкер» атанып, күміс медалмен марапатталып, зейнетке шыққан. Атамыз домбыра тарту білмесе де өлеңмен ұйастырып, ауылдағы ағайындарды қосып әзілдеп, беташардың көрігін қыздырады екен. Жармақан деген ағайымыз болды. Марқұм жарықтық атамыздан сәл кішкентайлау келетін. Мектепте физикадан сабақ берді. Сол ауылда бір келін түсіп, атам соны былайша өленге қосыпты:

– Тойдан қалмай тойлаған,
Ойға терең бойлаған.
Балаларымен мектептің,
Ләңгі теуіп ойнаған.



Жармақан атаңа бір сәлем деген шумағын ауылдың кісілері әлі күнге дейін айтып жүреді. Міне, сондай жандар болды. Өзімің әкем өлендер, мысалдар жазатын. Өулетімде алты ағайындымыз. Барлығы домбыра тартады. Үлкен ағаларым, баян, домбырада шебер ойнайды. Бірақ өнердің соңына түскен ешкім жоқ. Кезінде ақын Есенғали Раушановтың 50 жылдық кешінде Әбіш Кекілбаевтың айтқан сөзі бар екен. «Қазақтың сөзі де өзі секілді бірін-бірі құшақтағысы келіп тұрады» депті. Сол секілді қазақтың барлығы ақын, бауырмал халық десек болады ғой. Өйткені адам аттарының өзін ұйақтырып қойып жаттауы да бір керемет үйлесімділік тауып тұрғандай. Түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі деп тегін айтылмаса керек-ті.

3 БЕТТЕ



ЖҮРЕКСІЗ БОЛДЫҢ СЕН НЕГЕ, БЕЗБҮЙРЕК АНА?

айтылады. Ақтөбеде жаңа босанған әйел ұлын қағаз қорапқа салып, көпқабатты үйлердің біріне тастап кеткен. Жарық дүниеге келмей

жатып шетінеп кеткен шақалақтың мәйітін тұрғындар кеш қарайғанда ғана көріпті. Олар полицияға хабар бергенмен бәрі кеш

еді. Ақмола облысындағы оқиғаны айтуға, тіпті ауыз бармайды. Сорақы болғанда да сұмдық. Ақмола облысына қарасты Бұланды ауданының Макинск ауылының тұрғыны, дәлірек айтатын болсақ, 33 жастағы келіншек жүктіліктің 24-аптасында жоспарлы тексерілуге келген. Ақпарат көздеріне сүйенсек, аудандық аурухананың дәрігері сол кезде әлгі әйелдің екі күн бұрын босанғанын біліпті. Қан кетіп, мерзімінен бұрын үйінде босанған әйел шала туған шақалағын пешке өртеп жіберген дейді. Сұмдық, қалай ғана қолы барған?..

Бұл біздің қоғамда кездесіп отырған алғашқы оқиға емес. Бұған дейін де туған сәбиін көліктен лақтырып жіберген, кокаысқа немесе әжетханаға тастап кеткен сұмдық жағдайлардың жайы талай жазылды. БАҚ арқылы айтылып та, көрсетіліп те келеді. Ең өкініштісі, өз нәрестесін өлтіргендердің жазасы тым жеңіл болып тұр. Қылмыстық кодекстің 100-бабы «Жаңа туған баланы анасының өлтіруі» деп аталады. Осы бапта жаңа туған баласын өлтірген ананың жазасы төрт жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру деп көрсетілген. Бауыр еті баласын өлтіргендер үшін төрт жыл дегенің тым аз секілді... Мұндай қадамға тасжүректердің өзі де бармайтын шығар... Кім білсін, ондайларда жүрек те болмауы мүмкін.

Жүрексіз болдың сен неге, безбұйрек ана?

Әзіз ЖҰМАДИЛДҰЛЫ



РЕСЕЙ-УКРАИНА: Соғыстың 344-ші күні

2 ақпанда Ресейдің Украинаға басып кіріп, соғыстың басталғанына 344 күн болды. 2022 жылдың 24 ақпанында басталған қанды қасірет әлі күнге дейін жалғасуда. CNN арнасы күн сайын Украинадағы ахуалды жариялауда. Бүгін CNN арнасының 2 ақпанда сағат сайын жариялап отырған жаңалықтарын оқырман назарына ұсынууды жөн көрдік.



Ресей Украинаның шығысындағы Краматорск қаласына зымырандық шабуылын екінші күн қатарынан жалғастыруда. Бейсенбідегі шабуыл нәтижесінде адамдарды құтқару аймағында жойқын жарылыстар болды. Бірінші күнгі шабуылда ақпарат бойынша кем дегенде үш адам мерт болған. Жергілікті билік өкілдері сәрсенбі күні кешке тұрғын ауданда жалғасып жатқан құтқару операциясының жанына екі снаряд түсіп, бейбіт тұрғындардың тағы да шығынға ұшырағанын хабарлады.

Өз кезегінде Еуроодақ Украинада саммит өткізуді жоспарлауда. Еурокомиссия төрағасы Урсула фон дер Лейен арнайы Киевке ұшып келді. Еуроодақ шенеунігі: «Саммит Украинаға қолдау көрсетудің «өте күшті сигналы» болып саналады. Бұл, әрине, Ресей үшін де белгі», – деп атап өтті. Ал Еуроодақтың сыртқы саясат басшысы Хосеп Боррелл бейсенбіде одақ Украинаға көмекті құшейтетінін айтты. Атап айтқанда, ЕО әскери көмек ретінде 15 мың украиндық сарбазға оқу-жаттығу өткізбек. Сондай-ақ одақ атынан минаярды жою және оған қажетті жабдыктарға қосымша 25 млн еуро қаржы бөлінбек.

Одан бөлек, Мәскеу де соғыстың басталғанына бір жыл толуына орай Украинаны қолдаушы мемлекеттер дайындап жатқан «антиресейлік» әрекеттерге жауап болатынын ескертті. Ресейдің сыртқы істер министрі Сергей Лавров жақында бір жылдық соғыста ресейлік билік қандай жетістікке жеткенін және әлем назарын аудартатын бірнеше ақпаратты жариялайтынын мәлімдеді. Соның ішінде «Nord Stream» құбырларындағы жарылысқа АҚШ-тың қатысуы туралы мәлімет те барын жасырмады. Одан бөлек Лавров Ресей ешкімнен, әсіресе ҰҚШҰ-дан ешқандай әскери көмек сұрамайтынын жеткізді. «Бізге Украинада бастаған арнайы операцияны соңына жеткізу үшін бар мүмкіндік бар», – деді ол.

Ал Украина президенті Владимир Зеленский Еуроодақтың Ресейге қарсы санкцияларын күшейтуге шақырып, Еурокомиссия төрағасы Урсула фон дер Лейенмен 10-шы санкциялар пакетін талқылағанын айтты. «Қазір Еуропаның санкциялары бәсеңдеп қалды. Ал өз кезегінде террористік мемлекет санкцияларға бейімделіп алды. Бізге мұны реттеу керек», – деді Зеленский.

Сонымен қатар Польша премьер-министрі Матеуш Моравецки НАТО-дағы серіктестер мақұлдаса Польша Украинаға F-16 жойғыш ұшақтарын беруге дайын екенін мәлімдеді. Украина шенеуніктері соңғы күндері АҚШ-та жасалған F-16 жойғыш ұшақтарын Ресейдің зымырандары мен ұшқышсыз ұшақтарының шабуылдарынан қорғау үшін шұғыл түрде қажет екенін айтуда. АҚШ пен Германия Украинаға әзірге кез келген жойғыш ұшақтарды жеткізуден бас тартып отыр. Ал Франция мен Нидерланды сияқты НАТО-ның басқа мүшелері бұл идеяны құптаптынын айтуда.

Беларусияның қорғаныс министрлігі Ресей мен Беларусь әскерінің әуе күштері екі апталық оқу-жаттығу жиындарын аяқтағанын мәлімдеді. «Бірлескен тактикалық ұшу жаттығулары (Одақтық мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге) бағытталған және «тек қорғаныс мақсатында» болды, – деп хабарлады министрлік өзінің Telegram-дағы ресми арнасында.

Гаагада Украинадағы «Агрессия қылмыстарын» тергейтін халықаралық орталық құрылады. Бұл туралы Еуропалық комиссияның басшысы Урсула фон дер Лейен айтты.

«Ресей катігез қылмыстары үшін сот алдында жауап беруі керек. Қазірдің өзінде Украина мен Еуропалық Одақ прокурорлары бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Біз дәлелдемелерді жинап жатырмыз және бірінші қадам ретінде Гаагада Украинадағы басқыншылық қылмысын қудалау үшін халықаралық орталық құрылатынын хабарлаймын», – деді Еурокомиссия төрағасы.

Ресей президенті Владимир Путин Батыстың Ресейді Германияда жасалған Leopard жойғыш танктерімен қайтадан қорқытып жатқанын айтты: «Еуропа елдерін, соның ішінде Германияны Ресеймен жаңа соғысқа тартатындар, Ресейді ұрыс даласында жеңеміз деп ойлайтындар, Ресеймен соғыстың мүлде басқаша болатынын түсінбесе керек. Біз танктерімізді олардың шекарасына жібермегенмен жауабымыз дайын. Тіпті біздің жауап «бронетехникамен» шектелмейді», – деді Путин.

4 БЕТТЕ

ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ ОТБАСЫНДА ЖАТЫР

Бұрынғы сенатор Назарбаев зияткерлік мектептері мен қарапайым мектептердің арасындағы алшақтықты да тілге тиек етті.

– Мысал келтірейік, Назарбаев зияткерлік мектептері мен қарапайым мектептер арасындағы қаржыландыру айырмасы 6 есе болса, еліміздегі мектеп оқушыларының 44 пайызын құрайтын ауыл мектептерінің оқушыларына Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушысының деңгейіне жету үшін кемінде алты жыл уақыт кетеді, – деді ол.

Кеңейтілген кеңесте облыстық полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Ш.Әмітов хабарлама жасап, көмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы баяндады. Оның баяндамасына сүйенсек, бала тәрбиесінде бірлесіп атқарған профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде 6415 құқықбұзушылық анықталса, қаңғыбастық пен кез-белікке салынған 305 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылған. Осы деректер бойынша 5 мыңнан

Ендігі жерде мектептегі тәрбие жұмысын жаңарту, оны заман талабына лайықтау – жауапкершілігі зор басты бағытымыз. Қазір әлемдік педагогиканың өзінде тәрбиені білімнің алдына қойып отыр. Себебі тәрбиесіз берілген жалаң білім құндылықтарға қаныққан Абайдың «Толық адам» бейнесін қалыптастыра алмайды. Біздің оқу-ағарту саласын дамытуға, білім сапасын көтеруге бағытталған бар жұмысымыз – білімі мен тәрбиесі қатар үйлескен оқушының қалыптасуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру, – деді басқарма басшысы.

Бала тәрбиесімен қатар олардың білім алуында қауіпсіз ортада өмір сүруі ерекше жауаптылықты қажет етеді. Осы орайда аймақтағы барлық білім беру ұйымының қауіпсіздігі жолға қойылып, бейнебақылау жүйесімен қамтылған. Сондай-ақ барлық білім беру ұйымында полиция бөлімшелеріне қосылатын дабыл түймесін іске қосу жұмыстары осы жылы шешімін табатын болады.



астам жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осындай бірнеше дерекке шолу жасаған полиция департаментінің өкілі бұл жұмыстардың лайықты жалғасын табатынын атап өтті.

Жиында әке мен ананың тәрбиесі қатар берілуі керек екені де сөз болды. Көбіне бала тәрбиесімен ана ғана айналысып, әке тек табыс табушы функциясын атқарып келеді. Бұған қоса, мектеп қабырғасындағы мұғалімдердің 80 пайызы нәзік жандар. Сол себепті ер-азаматтарды Ахмет Байтұрсынұлының артынан еретін ұлт ұстаздары етіп тәрбиелеу керек екені айтылды. Бұл бастаманың көтерілгені құптарлық іс. Өйткені оқушылар тек әйел адамнан ғана емес, ер-азаматтардан да тәлім-тәрбие алуы қажет. Десе де әке мен ананың тәрбиесі ұстаздың тәрбиесінен бірінші кезекте болуы міндетті. Осы орайда облыстағы мектептерде «Әкелер кеңесінің» жұмысы жанданбақ. Сонымен қатар облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет «Тәрбие орталығын» құруды ұсынды.

– Негізінен, бүгінгі күнге дейін берілетін білімнің құрылымы мен мазмұнына ерекше екпін түсіріліп келді.

Басы 1-бетте

■ ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

БАСТЫ МАҚСАТ – АУЫЛ ӨМІРІН ЖАҚСARTY

– Ауылды дамытуға нақты қандай қадамдар жасалуда?

– Қосшыңырау ауылдық округі Абай және Досан елді мекендерінен тұрады. Бүгінде халық саны 3643 адамға жетті.

Ауылды дамыту бағытында округ бойынша өзекті мәселелер зерделеніп, тиісті шаралар атқарылып келеді. Бұған дейін Абай, Досан елді мекендерін газдандыру, жолдарын жөндеу, Досан елді мекеніне талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету, жол жөндеу және көше жарығын орнату жұмыстарына жобалар әзірленген болатын. Бұл жобалардың барлығы қаржыландыру мақсатында құзырлы орындарға бюджеттік өтінімдер ұсынылған. Қазіргі таңда Абай ауылын газдандыруға және 2 көшеге қиыршық тас төсеуге қаржы қаралды.

Сонымен қатар Досан елді мекенінде «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 көшеге орташа (асфальт) жол жөндеуге, қиыршық тас төсеуге және көшені жарықтандыруға қаржы қаралды.

Бұдан бөлек, жыл көлемінде қаржы бөлінген жағдайда Досан елді мекенінен талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету және медициналық бекет салу жоспарда бар.

Өткен жылы Ел Президенті ұлттымыздың берекеді бастауы – ауылды дамытуға мән берді. 2022 жылғы 26 қарашада Президент «Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы бағытта ауылды дамытуға мән берілуде.

– Ауылда есіміңіз қалатындай қандай іс атқардыңыз?

– Халықтың әл-ауқатын көтеру – мемлекеттің стратегиялық негізгі мақсаты.

Басы 1-бетте

– Бүгінгі күні мектеп қабырғасында білім берумен қатар ұлттық тәрбиеге ден қойып, осы бағыттағы жұмысты күшейтуді қажет етеді. Олай дейтініміз, қазіргі таңда көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзу, топтық төбелес, қыз балалар арасындағы әлімжеттік, буллинг, кибербуллингтің белең алуы тәрбие жұмыстарының әлсіз тұстарын көрсетті. Өткен жылмен салыстырғанда көмелетке толмағандарға қатысты қылмыс пен құқық бұзудың саны 36,7 пайызға, топтасып жасалған қылмыстар 30,8 пайызға төмендеген. Дегенмен балалардың тәртібін қадағалауда босансуға болмайтынын ескеру керек. Айта кететін бір жайт, көмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың барлығы да сабақтан тыс уақытта болған. Демек бұл жерде ата-аналардың бақылауы мен қадағалауының жеткіліксіздігі байқалады, – деді облыстық білім басқармасының басшысы.

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары М.Мырзанова және Балалар құқығы мәселелері бойынша өңірлік уәкіл Ж.Ұзақбаева, С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейі ата-аналар комитетінің төрайымы А.Қосанова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымының кандидаты А.Айтбаева хабарлама жасады.

Кеңейтілген кеңесті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қорытындылап, бала тәрбиесінің маңызын айтып, бірқатар жаңалықпен бөлісті.

– Мен сіздермен бұл кездесуге облыс әкімі ретінде ғана емес, ата-ана, әке ретінде ашық пікірлесіп, ой бөлісу үшін келдім. Балаға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беру де баршамыздың ұстанымымыз бір, мүддеміз ортақ. Ол – туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, еңбеккор, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Өскеген ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп балаларға терең әрі тағылымды тәрбие беру қажет екенін атап өтті. Сөт сайын өзгеріп, көз ілеспес жылдамдықпен дамуға бет алған бүгінгідей дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің өзегінен ажырап қалмауға тиіспіз. Қазақ халқының ұлы ақыны, дана Абайдың «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, ұлағатты ұстаздан болады» деген өсиеті әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан емес. Қайта уақыт озған сайын салмағы еселене түсті. Ата-ананың ең үлкен бақыты – баласының жақсы азамат болып өсуі десек, мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ие болатын білімді әрі отаншыл ұрпақ тәрбиелеу, – деген аймақ басшысы балаларды қолдау мақсатында атқарылып жатқын жұмыстарды баян етті.

Облыс әкімі балалар жылына орай бүлдіршіндерге тарту ретінде аймақта демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгеге 80 балалар спорт-ойын алаңын пайдалануға берілгенін атап өтті. Тек қаланың ортасында ғана емес, шеткері аймақтарда да ойын алаңдары салынды. 2022 жылы 19 балабақша ашылды. Өткен жылы 6 мектеп тапсырып, 2 апатты білім беру ұйымының мәселесі шешілді. Жалағаш ауданында 250 орындық заманауи «Оқушылар үйі» ашылды.

Осы негіздегі мәліметтерді алға тартқан облыс әкімі Республика Премьер-министрінің Сыр өңіріне сапарында 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық «физика-математика» бағытындағы мектеп-интернат салу жобасы қолдау тапқанын жеткізді. Биыл «ҚазГерМұнай» компаниясы Қызылордада заманауи 350 орындық «Оқушылар сарайының» құрылысын бастамақ.

– Алдағы 3 жылда 64 балабақша ашу жоспарымызда бар. Осылайша 11 мыңға жуық бүлдіршінді қамтимыз. Бұған қоса биыл 940 орындық 4 жаңа мектепті пайдалануға береміз. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 15100 орынға арналған 21 мектеп салынады. Жалпы құны 98 млрд теңгені құрайды. Бұл – білім саласындағы бұрын-соңды болмаған үлкен жоба. Жеке мектептердің де үлесі артуда. Білім саласына инвестиция салған кәсіпкерлеріміз аз емес. Қазірдің өзінде өңірде 21 жеке мектеп жұмыс істесе, алдағы 3 жылда инвесторлар 12 мектеп салуға ниет білдірді. Біз білім саласына жанашыр меценат кәсіпкерлерді әрдайым қолдауға әзіміз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі кеңейтілген отырыста талқыланған мәселелер бойынша барлық сала жетекшілеріне тапсырма беріп, бала тәрбиесіне бағытталған жұмыстарды барынша сапалы әрі жауапкершілікпен атқару керектігін қаперге салды.

Айта кетейік, жиында Қорқыт ата университетінің профессоры, академик, 5 баланың әкесі Нұрбол Аппазов ата-аналарға оқушының болашағына қатысты үндеу жасады.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

2022 жылы 33 кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 33 жаңа жұмыс орындары ашылды. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 14 кәсіпкерлік нысанға, яғни 74%-ға жоғарылады. Барлығы 88,3 млн теңгені құрайтын 12 жобаға несие берілді.

Сонымен қатар 9 ауыл тұрғыны жалпы көлемі 11,026 млн теңгені құрайтын мемлекеттік қайтарымсыз грантты жеңіп алды.

Аталған жобалардың басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Қазіргі таңда халық қайтадан ауылға бет бұра бастады. Ауыл шаруашылығы саласында жеке кәсіп ашуға ниетті тұрғындар көптігін байқауға болады. Мұның барлығы мемлекет қолдауы десек артық айтқандық емес.

– Тұрғындар қандай мәселе бойынша сізге өтініш айтып келеді? Шешімін тапқандар бар ма?

– Қазіргі уақытта «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы» негізінде жұмыс жасаудамыз. Ауыл тұрғындары тарапынан айтылатын негізгі мәселелер газдандыру, жол жөндеу, электр қуатымен қамтамасыз ету. Бұл бағытта шешімін тауып жатқан мәселелерді сөзімнің басында атап өттім.

– Халық газды күтіп жүргені белгілі. Ауылға газ қашан беріледі?

– Ауылдық округтегі ең өзекті мәселе – ауылды газдандыру. Тұрғындар сұранысына сай бұл жоба биыл қолдау тауып, қаржысы бөлінді. Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Газдандыру жұмыстарын алдағы наурыз-сәуір айларында бастау жоспарлануда.

Дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Өткен жылы облыстық соттың өндірісінде татуласу шаралары 2021 жылмен салыстырғанда біршама артқан. Бұл жөнінде Қызылорда облыстық соттың төрағасы Әділхан Шығамбаев 2022 жылғы сот төрелігін атқару қорытындысы бойынша өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

СОТ АШЫҚТЫҒЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



БАҚ өкілдерімен өткен кездесу барысында облыстық сот төрағасы былтырғы жылы атқарылған жұмыстарды атап өтті. Мәселен, есепті кезеңде соттардың өндірісіне 1060 қылмыстық іс, 12686 әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс, 18457 талап қою, 516 азаматтық іс, 825 әкімшілік іс түскен. Ал медиация тәртібімен 111 қылмыстық, 1890 азаматтық, 94 әкімшілік іс медиациялық келісіммен аяқталса, татуласу келісімі негізінде 109 азаматтық, 2 әкімшілік іс, ал партисипативтік рәсім тәртібімен 22 азаматтық іс өндірістен қысқартылған.

– Өткен жыл еліміз үшін оңай болған жоқ. Қаңтар оқиғасы кезінде сот ғимараты да зардап шекті. Десе де күннің суығына қарамастан сот қызметкерлері жұмысты тоқтатпай, жақын орналасқан ғимараттарда отырып жұмыс істеді. Қандай жағдай болса да жұмыс сапасы төмендеген жоқ. Бүгінде сот ашықтығы – уақыт талабы. Біздің өңірде сот жүйесінің ашықтығы толығымен қамтамасыз етілген. Облыстық соттың сайтнан, әлеуметтік желілердегі парақшаларда, ютуб каналында сот жаңалықтары үзбей шығып отыр. Сонымен қатар азаматтарға онтайлы қызмет көрсетіп, кері байланыс орнату мақсатында Call-орталық, әр сотта whats'app мессенжері, телеграмм-бот, талап қою үлгілері жинақталған QR-код үздіксіз жұмыс істеп тұр, – дейді облыстық сот төрағасы.

Айта кетейік, облыстық сот төрағасы азаматтардың сот жүйесіне қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында аптасына бір рет сәрсенбі күні сағат 16:00 ден 18:00-ге дейін азаматтарды жеке қабылдайды. Әділхан Шығамбаевтың айтуынша, қарапайым халықтың басым көпшілігі аймақтағы күйіл тұрған жер мәселесіне байланысты келеді екен.

Баспасөз мәслихатында соттар әкімшісінің басшысы

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында биыл казак жазушысы, драматург, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылып отыр. Осыған орай қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханасында «Зерделі талант, білімді қаламгер» атты кең көлемді кітап көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

ЗЕРДЕЛІ ТАЛАНТ, БІЛІМДІ ҚАЙРАТКЕР

Рухани кешке «Абылайхан» атындағы жоғары колледж кітапханасының меңгерушісі Айымкүл Қоспанова, Қызылорда гуманитарлық-экономикалық жоғары колледжі педагогика пәнінің оқытушысы Ақмарал Қанибайқызы, Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда Құрылыс және бизнес колледжі кітапханасының меңгерушісі Бақыт Ибрагимова, Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектептің казак тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Гүлшарат Әлішбекова, қалалық орталықтандырылған кітапхана басшысы Гүлмира Рахметова қатысты.

Шара барысында қарымды қаламгер жайлы жастарға ой тастарлықтай ұлағатты әңгімелер айтылды. Кітапхананың белсенді жас оқырмандары жазушының «Әке» повесінен көрініс көрсетіп, перзент көзімен қарағандағы әкенің бейнесін, оның кәдірін, әкеге деген сағынышты ерекше әсерлі етіп сомдады.

Сонымен қатар Төлен Әбдіктің өмірі мен шығармашылығына арналған «Талант тағылымы» атты бейнебаян ЛЭД экран арқылы көрсетілді. Шараның мақсаты – ұлттық әдебиеттегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау. Жастардың отандық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

«Ақмешіт-ақпарат»

– Адам бойындағы қандай қасиетті жоғары бағалайсың?

– Адамның ең бірінші адамгершілігін бағалау керек. Адамгершілігін жоғалтқан адамның дарыны да, қарым-қабілеті де адамгершілікпен бірге бағасын жоғалтады. Абзал Бөкеновтің:

– Тауымын деп жүретұғын таныс кілен,

Тары боп, түскенім бар сан үстінен.

Мықтыға ұмтылады ел, ал өз басым,

Көрмеуге осал тұсын алыс жүрем, – деп айтқаны бар еді. Сол секілді сыртынан сүйсінген адамның жақынан араласып, жанына барғанда жабырқап қайтатын сәттер де болады. Сондықтан қандай өнер иесі болсын бірінші адамгершілік қасиеті жоғары болуы керек деп ойлаймын.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ – АДАМҒА АҚЫЛ АЙТПАУ

– Өмірде ең қуанышты сәтінді айтып бересен...

– Өмірдің өзі қайғы мен қуаныштан алмасып тұрады ғой. Әрбір қуанған сәтін өмірде есіңнен кетпейтіндей көрінеді. Әр қайғырған сәтін жүрегіңде өшпейтін секілді. Бірақ барлығын уақыт өзгертеді. Кешегі қайғыны бүгін күліп еске алатын, кешегі қуанышты сәтінді бүгін мұңайып еске алатын кез де болады. Өмірдің әрбір күні бағалаған адамға қайталанбас сәттерімен құнды деп есептеймін. 2011 жылы анамыз қатты ауырып қалды. Астанада ұлттық нейрхирургия орталығында үлкен операция жасалды. Сонда анамыз немерелерін ойнатып отыратын күнге жетсе екен деп тіледі. Екі жыл бұрын әкем де дәл сондай жағдайда болды. Онда да сол әкеміз ауруханаға түскенде ертең немерелеріңіздің атын қоясыздар. Оларды еркелетіп, тәрбие беруіңіз керек деп айтқаным есімде. Аллаға шүкір, бәрінің сәтін салып жақсы болды. Қазір немерелерін ойнатып отырған ата-әжесін көргенде ерекше қуанамын. Осындай дүниелер көп қой адамда. «Қуана білмегенге құт қонбайды» дейді ғой. Сол сияқты өмірдің әрбір сәтінен қуаныш іздеуге болады.

– Өмірлік ұстанымы қандай?

– Өмірдегі ұстанымым – адамға ақыл айтпау. Ақыл айтқың келе ме, өзің жасаған дүниені кемеліне келіп, осы дәрежеге жеттім-ау дегенде барып айтсаң болады. Ал бізде өзі жасамаған нәрсені өзгертпеуіңді ұйретіп, ақылына ақы сұрайтындардың дәуірі жүріп тұр. Көңілім толмайтын дүниенің бірі осы. Кәсібі құрдымға кеткендер, біреуге кәсіп жасау туралы үйретеді. Бұл туралы айтыста да айтып едім. Балаға тәртіпті бол, жаман нәрсеге жолама деп мың айтқаннан өзің сол үлгіні көрсетсең бала соны көріп өседі. Жақсылықты алдымен өзің жаса, сол үлгіні көрген адам онсыз да сенен үйренеді. Кісілік болмысыңды таза ұстасаң, көрген адам содан санаға түйіп алуы керек.

– Басқа адам болсаң, Мейірбекпен дос болар ма едің?

– Бұл жерде қандай адам болғанына байланысты. Мүмкін, Мейірбек менімен дос болғысы келетін, менімен дос болуды аңсайтын адам шығар. Әлде Мейірбекті танымайтын адам болатын шығармын. Достықтың өлшемін уақыт көрсетеді.

– Жаңа Қазақстанда не көргің келеді?

– Жаңа Қазақстаннан жаңарған дүниені көргім келеді. Біз ескі, жаңа деп бөліп алып, өткеннің бәрін жокқа шығаруымызға болмайды. Өйткені ескінің өнегесін де, есті дүниелерін де алуымыз керек. Жаңа Қазақстан деген жалаң ұран, желіккен науқандардың жетегіне кетпеуіміз керек. Әділетті Қазақстан деген сөзді жан дүниемізбен түсініп, соның қалыптасуына қалтқысыз қызмет етсек, сонда ғана он өзгерістер болады. Менің ойымша, ескі Қазақстанның ескегімен Жаңа Қазақстанның жағалауына жете алмаймыз. Одан кейін ең бастысы халықтың тұрмысы түзелгенін

қалаймын. «Әр қазақ менің жалғызым» деген сөз тек мін-белерде ғана айтылмауы керек. Әрбір мемлекеттің басты қазынасы азаматы деп қарасақ, жалғызына жанашырлықпен қарайтындай мемлекеттің әрбір мүшесінің болашағын ойлануымыз керек.

– Астанадан ауылға келгенде қандай әсерде боласың?

– Ауыл барлық қызықты сәттерінің куәгері ғой. Сондықтан ерекше ыстық көрінеді. Бірақ қаланың тіршілігіне қарғыс айтып, ауылды аңсап жыр жазатын ақындардың қатарынан емеспін. Заманның кең кезі кез келген уақытта ұшаққа мініп, ауылға баруға болады. Ауылға барғанда ең бірінші жетістіктеріне қуанамын. Кемшіліктерін көргенде жауапты адамдарға жеткізуге тырысамын. Ауылға қаланың жетістіктері келіп жатқанына көңілім толады. Бірақ қала-

дағы қазақтың қапылысы ауылдағы ағайынға да сіңіп бара жатқанына қынжыламын. Кешегі үй арасында шарбақ жоқ, көршің төріне келіп көсіліп, емін-еркін шайынды ішіп, әңгімесін айтып отыратын көршілердің сирегені көңілге кірбің салады. Ал бірақ ауылдың исі, ауылдың қасиеті бәрібір бойымыздан кетпейді ғой. Сондықтан мен үшін ауыл әрқашан ыстық.

– Шиеліні «ақындар ауданы» дейді. Осының сыры неде?

– Шиеліде айтыс ақындары өте көп шықты. Оның арғы жағын айтатын болсақ, Бұдабай, Мансұр молда, Нартай, Арзулла, Махамбетқали, Кенжебай, Мұхтар, Талғат, Еркін, Иранғайып ағаларымызға осы өнер аманат болып жүктелгендей. Одан бергі Бекжан, Мейрамбек, Шыңғыс секілді қаншама талантты өнерпаз шығып жатыр. Бұл тек қана Шиелінің мықтылығы деп айтуға болмайды. Барша Сыр жұртшылығының қасиеті. Арал мен Жанақорғанға дейінгі аралық жыр қонған өлке ғой. Сыр елі – жыр елі деген сөздің өзінде үлкен ұғым жатыр. Қармақшыдан жүз жыраудың шыққаны бар. Ол жерде де ақындардың легі азайған жоқ. Шиелінің айтыс өнерінде қалыптастырған өзіндік мектебі бар. Сіз айтқан ой осыған саятын секілді. Ілгеріде Кенжебай Жүсіпов ағамыз айтып еді:

«Бесіктегі балада біз жақтағы,

Жылағанда жылайды өлендетіп», – деп. Сол сияқты кешегі бес ғасыр адамы шыққан өлке. Иманжүсіптің әкесі Құтпанның да туған жері осы аймақ. Сыр елі қашанда қасиетті жер ғой. Оның ішінде құдайдың назары түскен, ақындықтың ақ туын жықпаған аудан Шиелі деп білемін. Мен үшін Сыр өңірі Қорқыттың қобыз үнімен тербеліп тұрған секілді.

– «Кімнің есінде?» бағдарламасы кімнің идеясы?

– «Хабар» агенттігі оның ішінде «Ел арна» бұрыннан өнердің насихаттаушысы болды. Қазір Берік Уәли ағамыз басшылыққа келді. «Ел арна» арнасына Нұрбол Алманов ағамыз жетекшілік етеді. Нұрбол Мейірханұлы бірде жоспарымен бөлісіп, ойын айтқан болатын. «Біздің мұрағатымызға қаншама айтса бар. Соны халыққа қайта жариялап, ел көретіндей бағдарлама жасасақ» – деген ұсынысын жеткізді. Міне, содан бірден іске кірісіп, айтыстың жарларына байланысты он алты бағдарлама түсірдік. Мәселен, өтірік өлең айтысы болса кешегі Замандың көкелерімізден бастап, Қалихан Алтынбаев, Қаныбек Сарыбаев, Әбдікерім Манапов секілді ақындарды қазіргі жастар білмеуі мүмкін. Біздің алдымыздағы үлкен аға буын ақындарды қазіргі көрермен түгілі, жас ақындар да танымауы ықтимал. Міне, соларға насихат болсын деп осындай жобаны қолға алдық. Бұл – авторлық жоба. Баян Арыстанова деген режиссер апайымыз бар. Бұл – ұжымдық жұмыс. Көзге көрінген дүниенің артында ұжымдық еңбек тұрады.

– Журналистикаға қадам басып жатысың. Бұл қадам шығармашылығыңа қалай әсер етуі мүмкін?

– Қазіргі жұмысым шығармашылықтан алыс емес. Максатым – айтыс өнеріндегі бізге дейінгі ақындардың есімін экран арқылы елге жеткізу. Қазір кейбір жас ақындар өздеріне дейінгі ақындардың өмір жолын, өнер жолын білмеуі мүмкін. Міне, сол максатта дәріптеп, өнерге аз да болса үлесімзді қоссақ деген ниеттен туған ой. Мамандығым – филолог болғандықтан тіл тазалығын бақылау. Бұл бұған дейін айтыстарда да айтылып жүр. Сондықтан аса бір шығармашылыққа кедергі келтірмейді. Керісінше шығармашылық ізденіске зор ықпалын тигізіп жатыр. Өйткені айтыстың архивін ақтарған сайын қаншама қазынаны тауып жатырмыз. Тіптен өзім

білмейтін ақындардың өнерін көріп, үйренеріміз көп екенін түсіндім.

– Айтыста жеңілгенін мойындау ақындарға жетіспей жататын секілді. Өзінің осал түскен сәттерің кездесті ма?

– Айтыста сөзге тоқтау бұл бұрынғы салт екені рас. Кейінгі кезде шынымен бұл үрдіс жоғалып бара жатыр. Өйткені қазіргі айтыстың өзінде бірінші мәселе бағыдай емін-еркін ақындарды айтыстырмайды. Бұрынғыдай өзі жеңіліп сөзге тоқтайтындай ұзақ уақыт берілмейді. Әрі кетсе жарты сағат айтыстырып, жеңімпазды балл беріп анықтай саламыз. Ол кезде ақынның шабыты ашылмауы мүмкін, қарым-қабілетін көрсете алмауы мүмкін. Ақынның шабыты шарықтайтын тұстары болады. Сүйінбай мен Қатағанның айтысында Сүйінбай басында Қатағанның қарқынынан қорқып кесіле алмай отырады ғой. Сол секілді бір сәтте ақынның бойындағы жігері маздайтын уақыт болады. Уақыт тығыздығынан көсіліп шабатын тұлпарлар белгілі бір шеңберде қалып қойғаннан кейін көрінбей де жататын тұстары бар. Одан кейінгі дәстүр өз басымда да болды. 2013 жылы Ринат Зайытовпен айтысқанда қазылар екеуімізге тең балл берді. Оны мен кейіннен сұхбаттарымда да айттым. Ринаттан ол кезде жеңілдім. Одан кейін көп көрермен біле бермейтін тұстар да болады. Алған балың жоғары боп тұрады. Бірақ қарсыласыңның балы төмен болған кезде қазыларға да барып айтқан кездерім болған. Ертеректе Сырдария ауданында Еркебұлан Қайназаровпен айтысып, финалға мен шығатын болдым. Содан Еркебұланға барып, «Ереке, негізі сенің шығатын ретің еді. Мен сенің шыққаныңды қалаймын. Қазылар осылай шешім шығарыпты. Қазыларға да барып сенің шығатыңды айтайын» дедім. Еркебұлан «Жоқ, мен финалға шықпаймын» деп өзі бас тартты. Міне, осындай сәттер көптеп кездеседі. Семейдегі айтыста да мен солай қарсыласыма жолымды бердім. Өйткені өзімнің өнерің басым болып тұрмаса, қарсыласыңның бағы жанып тұрған кезде оның жолы орта жолда тұсалып қалғаны өзіңе де ыңғайсыз.

– Жүрсіннің үздік үштігіне енген ақын «Алтын домбыраңыз» неге ала алмай жүр?

– Үздік үштік, үздік бестік, үздік ондық деген уақытша дүниелер сияқты. Әр ақынның өз көрермені бар. Ол көрерменнің үздік үштігі басқа ақын болуы мүмкін. Тіпті нөмір бірінші ақын деп жүргені ол көрерменнің үздік ондығына кірмей қалуы мүмкін. Сондықтан бұл сырттай бағалау деп білемін. Жүрсін ағамыздың бала күнімізден ерекше ықылас танытып, осылай сұхбаттарында айтып жүргеніне қуанамыз. Ең бастысы, Жүрсін ағамыздың амаңдығын тілейміз. Ортамызды толтырып, айтыстың төрінде отыруын тілейміз. Ал енді «Алтын домбыра» деген мен ала алмадым деп өкінетін дүние емес. Алла бұйырғас адалды уақытта ала жатармыз. Бекарыс Шойбеков ағамыздың өзі бытыр алған кезде бәріміз тілекші болып қуандық. Біздің алдымыздағы ағалар аласа деген ниетім бар. Айбек Қалиев, одан кейін Ринат Зайытов бар. Сол секілді басқа да ақын ағаларымың алғанын қалаймын. Бізге де кезек келе жатар. Кезек келмесе тіптен өкінетін ештеңе жоқ. Ақындықты тек «Алтын домбырамен» бағалауға болмайды. Бірақ шүкір, ең бірінші «Алтын домбыра» айтысында Мұхтар Ниязов ағамыз бас жүлдесін, мен бірінші орын алдым. Содан бері қаншама «Алтын домбыра» айтысына қатыстық. Жүлделі орындардың барлығын алдық. Кейде бақ келсе, бап келмей, бап келсе, бақ келмей жатқандықтан болар. Бірақ болашақтан үміт көп.

– Оқырманға тілегіңіз...

– Шығармашылық ұжымға үлкен табыс тілеймін. Осындай өнегелі сұхбат жасап, өнерді дәріптеп жатқан журналистерге алғыс айтамын. Газет, кітап оқитын қазақтың саны көп болсын.

– Әсерді әңгімеңізге рахмет!

■ НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

«СӨЗ ПҰЛДАҒАН ЕМЕСПІН»

Дүр Оңғар Дырқайұлы 1859-1902

жылдар аралығында өмір сүрген жырау. Туған жері – Сыр бойы оның ішінде Қармақшы өңірі.

Оңғар Дырқайұлы Сыр аймағына тән жыраулық дәстүрді алдыңғы толқыннан бойына дарыта отырып, кейінгі толқын ізбасарларына ұлағаттап, өшпес өнерін дарыта білді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қармақшы ауданында 2009 жыл «Дүр Оңғар жылы» деп жарияланып, мерейтой шымылдығы ақынның туған жері – Жанажол ауылында ашылды. «Дүр Оңғар» қоғамдық қоры құрылып, ақынның шығармашылығы зерттелді. Бұрын баспа көрмеген шығармалары жинақталып, «Ерлерім сөйле дегесін» атты кітабы жарық көрді. Кент орталығында Дүр Оңғарға салтанатты ескерткіш ашылды. Аудандық мәдениет үйінде «Оңғар Дырқайұлы және Сыр өңіріндегі ақындық – жырышлық үрдіс мәселелері» атты ғылыми танымдық конференция өткізілді.

Сыр шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуов «Әр елдің бар бұлбұлы» атты туындысында:

Қаратамыр ол – Оңғар,

Ақмарал, бұғы һәм арқар.

Қоныстанған қысы-жаз,

Асқар таудың үңгірі, – деп оны ешкімнің өресі жетпейтін асқар таудың басына шығарып, киелі ақын дегенді меңзейді.

Жырау жайында әртүрлі дерек бар. Соларды бір-бірімен салыстырып, оның өмірі мен тұрмыс жағдайындағы мәліметтерге сүйенсек, ол үш жасынан әкеден жетім қалып, таршылық көрген. Оңғар тоғыз жасар кезінен-ақ би-болыстар мен елдің атқамінерлері жиналған үйге қайта-қайта барғыштап, үлкендердің әңгімелеріне құлақ түріп, күнде сол маңды айналып кетпейді екен. Бірде алты қанат ақ боз үйдің кең дастарханын жағалай жайғасқан мықтылар өздерінің қалауы бойынша астырған тамақты әлсін-әлсін ортаға алып, сүйсіне тояттай жейді де, айналасындағы жоутендеген балаларға асатуды да ескермейді. Солардың қолына дәмеленіп, әбден тісінің суын жұтып тамсанып, шыдамы таусылған Оңғар:

«Азанда желін сыр күріш,

Түсте жедең сыр күріш,

Жетерін білсен жей тұра,

Осыларын дүп-дұрыс», – деп өлеңдете айтыпты да қаша жөнеліпті. Мұның оқыстан найзағайдай жалт еткізген өлеңіне таңданып ақсақалдар: «Бұдан бірдене шығатын бала ғой» деп шамалап, оған бата берген деседі.

Ел ішінде Оңғарға байланысты аңыз-әңгімелер көп-ақ. Соның бірі мынадай: Оңғарға түсінде жастай қайтыс болған апасы: «Қалқам, Оңғар! Саған өлеңді қаппен берейін бе, әлде хатпен берейін бе?» депті. Сонда інісі: «Апа, хатпен бергеніңді тілеймін» деп алақанын жайыпты. Жазған жырларының бөігеге қосатын пырақтай ұшқыр, түпсіз шыңыраудай терең ойлы, інжу маржандай көркем, хатқа түсіргендей мінсіз болып келетіні сонан екен деседі жұрт.

Тағдыр тауқыметін жастай арқаалаған Оңғар жарлылықтың боз шекпенін жамылып жүріп күнелтеді. Дана халқымыз: «Барлық не дегізбейді, жостық не жегізбейді?» деп, қалай тауып айтқан десеіші... Байлығымен есімі Сыр бойына жайылған Досқазы төре бірде Оңғар жыраудың сіңірі шыққан кедейлігін мін қылып әрі мұны жарылқамақ пейілмен: – Жүр, біздің ауылға! Сонда барып жырлайсың, ақысына семіз өгіз берем. Өзі ұсталмаған асау, құлағы жоқ шұқа, мүйізсіз жоқ тоқал, – деп мардымсы сөйлейді. Сол сөзді жырау оның бетіне тіке қарап:

«Құлағы, мүйізі жоқ неткен өгіз?

Қалайша қайырусыз кеткен өгіз?

Бер деуші еді ақсүйектер, ал демеуші еді,

Айтқаның боп жүрмесін жалғыз өгіз.

Сіздерден сұмдық болар алған деген,

Өзіңіз күзде соны сойып жеңіз, – дейді мүдірместен. Отты сөз жалыны жүзін шарпығандай кеудесін керген төре теріс айналады.

Дүр Оңғар – айтыс өнеріне де көбірек ден қойған ақын. Ол өз дәуіріндегі бірталай ақындармен айттықсан. Бірақ дер кезінде жинап, қағазға түсірілмегендіктен уақыт озған сайын ұмытылып, жұрт аузында айтыс өлеңдерінің аздаған шумақтары ғана сақталған. Соның бірі – Оңғар жыраудың Ыртысы қызбен айттысы.

Абай: «Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады» – дейді. Дүр Оңғардың «Кенеске, кеменгерлер, салсаң құлақ» өлеңінде:

– Кенеске, кеменгерлер, салсаң құлақ,

Көріңсе сөзім сұлу кеуілге ұнап.

Ұяның ұрлығы – асыл, сұңқарындай

Кездестік бүгінгі күн басты құрап.

Көрмесек шыдай алмай бір-біреуді

Көргенше саяғатын сырттан сұрап.

Мінгелі ат үстінде аға еңділер,

Дос түгіл, тақпаған мін дұшпан сынап.

Тілектес сырттарыңнан мен қызметкер.

Тұзымды ақтамайды деме бірақ.

Қадырдан халық жақсысы, данышпандар

Өлестіге ақыл-жәрдемі ауысқандар.

Бөріге бойын билеп көріне алмай,

Шулайды, ала қарға, сауысқандар.

Шамамен зейін қойып, сөйле десен,

Жырауың тілін безеп дауыс қамдар.

Тұлпардың дүбіріндей жүзден озған,

Келеді құлағыма алыс хабар.

Бұл өлең шумақтары арқылы ол өзінің ой-сезімін білдіріп қана қоймайды, оның мінзедемесі секілді. Кісінің тәрбиелік деңгейі көбіне сөзінің сипатынан байқалады. Жырау «Өзім туралы» деген өлеңінде.

– Жақсы жырау емеспін,

Сөзім пұлдап, ақы алған.

Жаман да жырау емеспін,

Таусылып сөзі тақалған.

Ой, пәлі! деген сөздерің,

Кем емес ат пен шапаннан, – дейді немесе «Ерлерім сөйле дегесін» өлеңінде:

– Сөз пұлдаған емеспін,

Әркімнен сұрап емініп.

Қызыл тілім сөз толға,

Назарын салып он-солға,

Сөйле деп саған кім айтар,

Қалған соң жерге көмілің?!

Бұл өлеңдері адамгершілікке негізделген.

Дүр Оңғар Дырқайұлының шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі ғасырлар бойы үздіксіз даму жолында келе жатқан ақындық поэзиядағы көркемдік дәстүр жалғасы.



Басы 1-бетте

■ БРИФИНГ

ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТР АШЫЛАДЫ

Биыл Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы аясында түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар «Көктем нұры» атты дәстүрлі республикалық оқушылар айтысы мен «Бұрымды қыз» облыстық телевизиялық байқауын өткізу жоспарлануда. Алдағы уақытта физиологиялық ерекшелігі бар жандардың талантын шыңдау мен өнерін көпшілікке насихаттау мақсатында қалалық Жастар театры жанынан ашылатын «Инклюзивті театр» ашылмақ.

Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов баяндады.

– Өнердің қай түрі болсын жаңа жобаларымен өзекті. Мәдениет қызметкерлері әрбір мереке қарсаңында қазақы құндылықтарға негізделген салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты насихаттап келеді. Бұл бағыттағы іс-шаралар жүйелі жалғасын таба бермек.

Атап айтар болсақ, өткен жылы 1310 мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізіліп, оған 221518 көрермен қамтылды. Сондай-ақ Қызылорда қаласы бойынша жас дарынды өнерпаздарды үлкен сахнаға дайындау үшін қала орталығындағы және кент, ауылдық округтердегі клубтар мен мәдениет үйлер жанынан барлығы 91 үйірме жұмыс жасап, оған 1032 көркемөнерпаз қатысты. Мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындары түрлі

деңгейдегі 122 байқауға қатысып, жүлделі оралды, – деді бөлім басшысы.

Сонымен қатар өңірімізде мемлекеттік шығармашылық тапсырыс аясында Қызылорда қаласында 280 мәдениет үйірмесі жұмыс істеп, 11701 бала қамтылған. Аймақта үйірме жұмысы да жолға қойылғаны жөнінде айтылды.

2022 жылы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйі ғимаратының сыртқы жылу құбырларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп,



КІТАПҚА ҚҰШТАР ОРТА

«Мен бойымдағы жақсы қасиеттер үшін кітапқа қарыздармын» – депті атақты жазушы Максим Горький. Кітап оқудан қалған ұлт, әсіресе, жас ұрпақ рухани аштыққа ұшырайды. Егер біз кітап оқудан тыйылсақ, онда ой ойлаудан да, айналымыздағы құбылыстарды талдау, бағамдау қабілетінен де, адамгершілік, кісілік қасиеттен де айырыламыз деп бекер айтпаса керек.

Расында, қазір кітап, газет оқуды ар санап, оқымауды мақтан тұтатындар қатары артты. Дегенмен кітап оқудың адамзат баласына тигізетін пайдасы орасан зор екенін ұғындырып жүргендерде жетерлік. Атап айтсақ, Сыр өңірінде «Кітап Құрттары» зияткерлік клубы бірнеше жылдан бері жастарды кітап оқуға баулып келеді. Биыл, міне, аталған клубтың құрылғанына да 4 жыл толды.

Осыған орай облыстық жастар орталығында Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебі және облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бірлесе ұйымдастыруымен Қызылорда қаласындағы 10-11 сынып оқушылары арасында «KQ – Kitar Qurtary Quiz» зияткерлік сайысы өтті. Танымдық шараның ашылуына Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Әбілкасымұлы қатысты. Осыдан төрт жыл бұрын жобаның бастамашысы болып, қолға алып, бүгінде жастарды кітап оқуға баулып жүрген Талғат Мендібай.

– Алғашында қалада әлі жасалмаған, жаңа, өзіміздің жанымға жақын дүние ашсам деген ой болды. Сөйтіп, «WhatsApp» желісі арқылы топ құрып, кітап оқиды-ау деген таныстарымды қостым. Топ атауы «Книгоманы» аталды және топта өзін

артық санайтын адамдарға шыға беруге болатынын ескерттім. Осылайша 4 жыл бұрын 2 ақпан күні қалада «Кітап құрттары» еріктілер тобы құрылып, мақсат пен жоспарға сай жұмыс істей бастады. Қозғалыстың басты құрамы – студенттер, жастар, түрлі салада қызмет ететін кітапқұмарлар. Иә, мұнда оқырманның жасы, жынысы, саяси көзқарасы, мамандығы маңызды емес. Оларды біріктіретін бір ғана дүние бар: ол – осы жерде отырып-ақ он сегіз мың ғаламды шарлата алатын құдіретті кітап әлеміне деген құштарлық. Қазір топ мүшелерінің саны 100-ден асады. Қазіргі мақсат – клубтың ауқымын кеңейту, мектептерде ашу. Биылғы жаңалық ретінде авторлық құқықты айтсам болады. «Кітап құрттары» жобасының авторлық құқығы маған тиесілі. Осылайша басқа қалаларда ашып, интеллектуалдық ойындар ұйымдастыру да ойда бар», – дейді жобаның басшысы.

Бүгінде озық ойлы оқушылар арасында интеллектуалдық ойындарды насихаттау, кітап оқу мәдениетін түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған сайысқа қаладағы 34 білім ордасының оқушылары қатысып, өзара бақ сынасты. Үш кезеңнен тұратын сайыста үміткерлер қазақ және әлем әдебиеті, кино, танымал шығармалар турасында суретті сұрақтарға жауап берді.

Нәтижесінде I орынды С.Лапин атындағы №261 орта мектеп құрамасы жеңіп алса, II орын Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің оқушыларына бұйырды. Үздік үштік қатарынан С.Әлжіков атындағы №144 орта мектеп құрамасы көрінді.


– Не үшін оқуымыз керек? Інілеріме үнемі айтып жүремін. Кітап оқыған адам ақылды емес, оқымайтын адам ақымақ емес. Кітап оқу өмірге стимул береді. Өзіндік көзқарасыңды қалыптастырып, кез келген жағдайда дұрыс анализ жасауға, ойыңды дұрыс жеткізе білуге мүмкіндік сыйлайтын кітап. Үлкендердің жастарды кітап оқымайды деп сыңға алуы өздерінің қателігі деп ойлаймын. Егер үлкендер бізге бағыт-бағдар беріп, өзі қолына кітап ұстап автобуста жүрсе немесе кітапты насихаттап жүріп «жастар кітап оқымайды» десе түсінуге болады. Бір жағынан, кітапқа қазір ұялы телефон, әлеуметтік желі сынды бәсекелес көп», – дейді Талғат Мендібай.

«Кітап Құрттары» зияткерлік клубы өңірдегі білімді жастардың қозғалысына айналып үлгерген, бүгінде әр өңірдегі интеллектуал 200-ден аса жастың басын біріктірген ұйым. Аталған клуб бүгінге дейін түрлі деңгейдегі білім сайыстарын ұйымдастырып келеді.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ
Суретті түсірген: Н.НУРЖАУБАЙ



COVID-19: АЙМАҚТА ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТЫ



Қызылорда облысында жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты деп бағалануда. Аймақ тұрғындары арасында 99 жұқпалы аурудың 52 түрі бойынша аурушандық анықталмады. Сондай-ақ 12 түрлі жұқпалы ауру көрсеткішінің деңгейі біршама төмендеген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова хабарлады.

өңір халқының 94 пайызы салдырды. Ревакциналаудан 70664 тұрғын өтті. Туберкулез инфекциясының да аурушандық көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 2 жағдайға төмендеп отыр. Ал балалар арасында бұл ауру түрі 8 жағдайға азайды. Аталған дертін алдын алу бағытында БҚЖ експімен тұрғындарды қамту көрсеткіші 97,2 пайызды құрады. Сондай-ақ флюорографиялық тексерістен 402759 адам өтті, – деді аймақтың бас санитар дәрігері Динара Олжабайқызы.

Жалпы, өткен жылы аймақта КВИ жұқтырудың 6515 дерегі анықталған. Оның ішінде 1236 жағдай 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Вирус жұқтырғандардың басым бөлігінде ауру белгілері болған. Одан бөлек, 2022 жылы жұқпалы жедел ішек ауру тобының 1838 жағдайы анықталған. Аурушандықтың 84,6 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар үлесінде.

Өңір тұрғындары арасында профилактикалық екпеге жеке сенімсіздік пен діни көзқарастың салдарынан бас тартатындар әлі де бар екен. Департамент басшысының


хабарлауынша, өткен жылы 351 адам аурудың алдын алу мақсатында салынатын екпелерден бас тартқан. Тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 86 ата-ана ойын өзгертіп, тиісті екпені салдырған. Ал екпені салған соң олардың біреуінен де асқын жағдайлары анықталған жоқ.

Департамент аймақтағы өнім мен тауар қауіпсіздігін де назардан тыс қалдырмайды. Мәселен, 2022 жылы санитар мамандар барлығы 2050 сынама сатып алып, зертханалық зерттеу жүргізген. Оның 70 пайызы тамақ өнімдері. Мамандар тексеріс жүргізу нәтижесінде зерттелген заттардың 7,12 пайызы регламент талаптарына сай еместігін анықтады. Атап айтқанда, микробиологиялық көрсеткіш бойынша – 16, физикалық-химиялық көрсеткіш бойынша – 9, таңбалануы бойынша – 115 және қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша – 6 сәйкессіздік анықталды. Сәйкессіздіктер анықталған өнімдердің 19 сынамамы отандық өндірушілердің өнімі болса, ал 83 сәйкессіздік Еуразиялық экономикалық одақа мүше елдер мен өзге шет елдерде өндірілген өнімдер.

– Кеден Одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес келмеген өнімдер бойынша 60 сауда объектісіне халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарын бұзуды жою жөніндегі нұсқамалар берілді. Тексеру нәтижесімен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша 2 нысанға 91890 теңге көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қатар техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген жалпы құны 19090 теңгені құрайтын 9,62 кг тағам өнімдері сатылымнан алынып тасталды, – дейді облыстың бас санитар дәрігері.

Айта кетерлік жайт, департамент және оның аумақтық басқарма қызметкерлерімен ерекше тәртіп бойынша 1155 тексеріс жүргізіліп, 499 санитариялық ұйғарымдар берілген. Одан бөлек, 91579178 теңге көлемінде 1036 кішішілік айыппұл салынған. Сондай-ақ 1197 жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде 178 заңбұзушылық анықталып, 101 санитарлық ұйғарым беріліп, 12,8 млн теңге айыппұл салынған.

А.БІРКЕНОВ



ХАКЕРЛЕР 2022 ЖЫЛЫ 1,7 МЛРД ДОЛЛАР ҰРЛАҒАН

Chainalysis аналитикалық фирмасының мәліметінше, Солтүстік Корея қолдау көрсететін хакерлер 2022 жылы құны 1,7 миллиард доллар тұратын криптовалюта ұрлаған. Бұл криптовалюта ұрлау бойынша бұрынғы ел рекордынан төрт есе көп. 2021 жылы бұл көрсеткіш 429 миллион долларды құраған еді. Мәліметке орай BBC арнасының тілшісі Келли Нг «Криптовалюта ұрлығы» тақырыбында мақала жариялады.



Сарапшылардың айтуынша, қатаң санкцияларға тап болған Солтүстік Корея ядролық арсеналын қаржыландыру үшін криптовалюталарды ұрлауға бет бұрған. Жалпы Солтүстік Корея барлығы алты ядролық сынақ өткізді және сарапшылар бил жетінші рет ядролық сынақ өткізеді деп болжап отыр. Өйткені ел көшбасшы Ким Чен Ынның басшылығымен ядролық қару бағдарламасы жеделдету жолға қойылған.

Өткен жылы Пхеньян рекордтық көлемде баллистикалық және басқа да зымырандарды ұшырған еді. Солтүстік Корея елдегі қиын экономикалық жағдайға қарамастан сынақты тоқтатар емес.

«Солтүстік Кореяның 2020 жылғы экспортының жалпы көлемі 142 миллион долларды құрады. Сондықтан криптовалюта ұрлау ел экономикасының маңызды бөлігін құрайды деп айту артық емес», – деп жазды Chainalysis сәрсенбіде жариялаған баяндамасында. Компанияның мәліметінше, хакерлер әдетте криптовалюталарды қаражаттың шығу тегін жасыру үшін әртүрлі пайдаланушылардың криптовалюталарын араластыру арқылы қолды етеді. Басқа сарапшылар сонымен қатар Солтүстік Корея ұрланған криптовалюталарды Қытайдағы брокерлер мен жеңілдетілген токкендер арқылы ұрлап жатқанын айтады.

Өткен айда ФБР Солтүстік Кореямен байланысты «Лазарус» тобының өткен жылы «Horizon bridge» деп аталатын блокчейн желісінде 100 миллион долларлық криптовалюта ұрлығына қатысы бар екенін растады.

Жалпы, Chainalysis есебінде 2022 жылы ұрланған криптовалюталардың 82 проценттен астамын DeFi хаттамалары құрайтыны жазылған. DeFi – тұрақты табысқа жетіп жүрген криптовалютаның бір түрі. Оның үздік 5 хаттамасында жылдық кіріс көлемі 15-166 процент аралығында.

DeFi пайдаланушылары өз қаражаттарын пайдаланған кезде оның кімге немесе қайда кеткенін біле алады. Себебі хаттамаларды басқаратын смарт келісімшарт кодтары жалпыға ортақ. Бірақ бұл ашықтық сонымен қатар DeFi-ді хакерлерге ерекше тартымды етіп, оларға кодтарды сканерлеп, «байлыққа кенелуге» мүмкіндік береді.

Halborn blockchain қауіпсіздік компаниясының бас директоры Дэвид Швед DeFi компаниясы «өсуді бәрінен де жоғары қоятынын» және қауіпсіздікті арттырудың орнына қаражатты жиі сыйсақыға аударылатынын айтты. Шведтің айтуынша, DeFi әзірлеушілері платформаларының қауіпсіздігін арттыру үшін дәстүрлі қаржы институттарынан үлгі ала алады.

«Мысалы, олар өздерінің хаттамаларын тексеру үшін әртүрлі бұзу сценарийін ұйымдастыра алады немесе күдікті әрекет анықталғанда транзакцияларды тоқтату механизмдерін дайындай алады», – деді ол.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік несі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2810

Тапсырыс №194

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ